

8D07501- «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Стандарттардың халықаралық жіктеуішіне сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қызметінде тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу» тақырыбындағы Ажимгереева Алтынай Булатовнаның диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша

ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: <u>сәйкес</u> 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Ажимгереева Алтынай Булатовнаның диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Білім экономикасына көшу жағдайында ғылымды, білім беруді және инновацияларды басқаруды ықпалдастыру маңызды» деп тұжырымдалған жолдауына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 желтоқсанда № 30920 бұйрығына және Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 171 бұйрығына сәйкес келеді.

2	Ғылым маңыздылығы үшін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация ғылымға айтарлықтай үлес қосады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қызметінде тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесін әзірлеу және оны тәжірибеге енгізу мәселесіне арналған. Зерттеу ішінде университеттің тұрақтылығын, басқарылуын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған тәуекелдерді басқару жүйесін құру қарастырылған. Сонымен бірге, бұл диссертациялық жұмыста жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқару жүйесін тиімді қалыптастыру бойынша әдістемелік тәсілдер және практикалық ұсынымдар берілген. Зерттеудің маңыздылығы диссертацияда және тиісті басылымдарда толық ашылады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Жұмыстың авторы диссертация тақырыбы бойынша дербестіктің жоғары деңгейін көрсетті. Диссертацияда ұсынылған барлық ғылыми және тәжірибелік нәтижелерді автордың өзі жүзеге асырды.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация өзектілігі ғылыми-зерттеу жұмыстарының толық аяқталған жаңалығына, білім беру сапасын қамтамасыз етудің және ЖОО-ның тұрақтылығын арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен бірге, тәуекелдерді басқару жүйесі тек формалды құжат емес, университеттің күнделікті басқару тәжірибесіне енгізілетін нақты құрал ретінде қарастырылған. Диссертацияның мазмұны Қазақстан Республикасының жоғары оқу орын қызметінде тәуекелдерді басқару әдістемесі мен ұйым стандартының жобасын әзірлеу болып табылады және қорғалатын ережелер мен диссертация тақырыбын айқындайды.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның ішкі бірлік қағидасы, мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс жоғары оқу орындарының тұрақтылығын, сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін халықаралық стандарттарға негізделген Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қызметіндегі тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеуге бағытталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертация кіріспеден, бес бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады және барлық бөлімдердің логикалық байланысы, ішкі тұтастығы мен бірлігі толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор қол жеткізген нәтижелерге сыни талдауды стандартты әдістермен, сауалнама жүргізу арқылы, тәуекел матрицасы, Исикава диаграммасы, «көбелек-галстук», әлемдік ғылыми әдебиеттердегі әдістерімен салыстырмалы түрде бағалау жүргізді.
		5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа, себебі әзірленген «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі» мен «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқаруға арналған ұйым стандарты» жобасына авторлық құқықты растайтын куәліктер алынған. Диссертациялық зерттеудің қолданбалы нәтижелері толықтай сараптамадан өтіп, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының нақты операциялық қызметіне ресми түрде енгізілді. Оған білім беру мекемелері С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ,
5	Ғылыми жаңашылдық принципі		

			Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ және Тұран-Астана университеттері басшылығы тарапынан бекітілген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу актілері дәлел болып саналады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады, жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді анықтау, талдау және басқаруға негізделген, тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері бойынша деректер түрінде ұсынылған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда ұсынылған жоғары білім беру ұйымдардағы тәуекелдерді басқару жүйесі толығымен жаңа болып табылады және «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі» мен «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқаруға арналған ұйым стандарты» жобасына алынған авторлық құқықты растайтын куәлік және енгізу актілерімен негізделеді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды, зерттеулерде алынған нәтижелерден туындайтын маңызды ғылыми дәлелдемелерге негізделген. Өзірленген тәуекелдерді басқару жүйесі үнемі өзгеріп отыратын макроэкономикалық ортада отандық университеттердің жаһандық бәсекелік артықшылықтарын сенімді түрде қамтамасыз етеді.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> ;	Қорғауға ұсынылған диссертацияның негізгі ережелері жаңа болып табылады. 1. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында тәуекелдерді басқарудың әдіснамалық, ұйымдастырушылық және экономикалық құрамдас бөліктерді біріктіретін тұтас жүйесі ұсынылды; 2. Халықаралық стандарттар мен ұлттық стандарттарды жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқару моделіне ұсыну негізделді;

		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	3. Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі әзірленді; 4. Жоғары оқу орын деңгейінде тәуекел менеджмент процесін бекітетін тәуекелдерді басқаруға арналған ұйым стандартының жобасы әзірленді. 7.1 Қорғауға шығарылған барлық негізгі ережелер алынған нәтижелермен дәлелденді. 7.2 Қорғауға шығарылған қағидаттар тривиалды емес, жаңа болып табылады. 7.3 Қазақстан Республикасында жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқару жүйесі жаңа болып табылады. 7.4 Қорғауға шығарылатын ережелер Қазақстанда қолданылады, бұл туралы енгізу актісі куәландырады, сонымен қатар тәуекелдерді басқарудың әзірленген жүйесін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары білім беру процесінің тұрақтылығы мен сапасын арттыру, қолайсыз оқиғалардың салдарын барынша азайту және ресурстарды ұтымды пайдалану үшін қолдана алады, қолдану деңгейі кең болып табылады. 7.5 Қорғауға шығарылған зерттеу нәтижелеріндегі негізгі қағидаттар авторлық құқықты растайтын куәлікпен және 13 жарияланымдармен дәлелденген.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Зерттеу әдістемесін таңдау толығымен жазылған және негізделген. Тәуекелдерді анықтау, сәйкестендіру, талдау, сандық және сапалық бағалау жоғары рейтингті журналдардағы жарияланым негізінде зерттелген. Теориялық әдістерде ғылыми әдебиеттерді, нормативтік актілер мен стандарттарды талдау, халықаралық және ұлттық тәсілдерді салыстырмалы талдау, эмпирикалық әдістерде жоғары оқу орнындағы тәуекелдер спектрін және олардың маңыздылығын

			анықтау үшін сауалнама жүргізу, университеттің ішкі құжаттамасын талдау және «көбелек-галстук» әдісі мен тәуекел матрицасы әдістері қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияда ұсынылған зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін, сондай-ақ деректерді өңдеу әдістерін қолдана отырып алынды. Зерттеу нәтижелерін өңдеу тәуекел матрицасы, «көбелек-галстук» әдісі, сауалнама әдістерін қолдана отырып, заманауи есептеу құралдары мен «Excel 2010» бағдарламасын қолдана отырып жүргізілген. Диссертацияның негізгі ережелерінің сенімділігі теориялық және эксперименттік зерттеулерде стандартта көрсетілген әдістерді қолданумен расталған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Тәжірибелік зерттеулер жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқару әдістемесі мен ұйым стандартының жобасын әзірлеу бойынша тұжырымдармен расталған. Теориялық қорытындылар анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Диссертациялық жұмыста Ахметов Р.Р., Брежнева О.В., Худайбердина Д.М., Екатеринин М. В., Ильяс А., Джолдасбаева Г.К. және т.б. авторлардың еңбектері зерттелген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациядағы барлық маңызды мәлімдемелер жұмыстың әр бөліміндегі өзекті ғылыми дереккөздерге сілтемелер арқылы расталған. Ғылыми зерттеулерді орындау барысында ғылыми этиканың барлық нормалары сақталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиет көздері жеткілікті. Ғылыми әдебиеттер тізіміне пайдаланылған дереккөздердің 111 атауы кіреді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияда алынған теориялық нәтижелерді жоғары оқу орын

		1) <u>бар</u>; 2) <u>жоқ</u>.	қызметіндегі тәуекелдерді басқаруға пайдалануға болады. Білім беру процесінің тұрақтылығы мен сапасын арттыру, қолайсыз оқиғалардың салдарын барынша азайту және ресурстарды ұтымды пайдалану үшін қолдана алады,
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары. Диссертация нәтижелері жоғары оқу орындарына енгізілген, ұйым стандартының жобасы және әдістеме әзірленген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>; 3) <u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</u>.	Практикалық іске асыру үшін әзірленген ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Тәуекелдерді басқаруға арналған жүйе стратегиялық және жедел жоспарлау, жоғары оқу орындарында ішкі бақылау мен сапа менеджменті жүйесін қалыптастыру үшін маңызды болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u>; 2) <u>орташа</u>; 3) <u>орташадан төмен</u>; 4) <u>төмен</u>.	Бұл диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның мәтіні жоғары зерттеу деңгейінде нақты және айқын көрсетілген. Диссертация жеңіл оқылады, ал ізденуші зерттеу нәтижелерін, өз ойларын түсінікті түрде жаза алған. Диссертация мәтіні Ұлттық орталықта бақылаудан өткен. Диссертацияның ресімделуі мен құрылымы философия Докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда кейбір теру қателері кездеседі. Алайда ол жазу сапасын және жұмыстың маңыздылығын төмендетпейді. Зерттеу тақырыбы қазіргі таңда маңызды болып табылатындықтан өз жалғасын табады деп есептеймін.
12	Докторант мақалаларының зерттеу		Докторанттың зерттеу жұмысы нәтижесінде Scopus базасына

	тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		кіретін журналда 1 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (ХҒТК) 4 мақала, республикалық халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (ҚР ХҒТК) 5 тезис басып шығарылған және 2 авторлық құқық алынған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Ажимгереева Алтынай Булатовнаның 8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы дәрежесін беру үшін Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасаймын.

Ажимгереева Алтынай Булатовнаның 8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Стандарттардың халықаралық жіктеуішіне сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қызметінде тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың өзектілігі, ғылыми жаңалығы, зерттеу нәтижелердің дұрыстығы мен олардың тәжірибелік маңыздылығы бойынша аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.

Диссертация құрылымы мен мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелер беру қағидаларының» қойылған талаптарына сай келеді, оның авторы Ажимгереева Алтынай Булатовна 8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты үміткер деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Алматы гуманитарлы-экономикалық университетінің «Гуманитарлы-жаратылыстану білім беру» кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD)

Садирбекова Д.К.

